

Шығыс Қазақстан облысы Күршім, Катонқарағай және Тарбағатай аудандарының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 11 тамыздағы № 213 қаулысы, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2014 жылғы 01 қазандағы № 21/271-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 қазанда № 3503 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 27-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 3, 8 және 11-баптарына сәйкес, "Күршім ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы" Күршім аудандық мәслихатының 2012 жылғы 19 қарашадағы № 6-6 шешімі және Күршім ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 4 қазандағы № 2667 қаулысы, "Тарбағатай ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы" Тарбағатай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 22 тамыздағы № 15-4 шешімі және Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 23 тамыздағы № 323 қаулысы, "Катонқарағай ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы" Катонқарағай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 қарашадағы № 7/53-V шешімі және Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 14 қарашадағы № 1139 қаулысы негізінде Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ** және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Шығыс Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) мынадай елді мекендер есепті деректерден шығарылып, ауыл категориясынан шаруа қоныстары категориясына жатқызылсын:

Күршім ауданы Ақбұлақ ауылдық округінің Майтерек ауылы, Төсқайың ауылдық округінің Қарағайлыбұлақ ауылы;

2) мынадай елді мекендер есепті деректерден шығарылып, ауыл категориясынан өзге қоныстар категориясына жатқызылсын:

Тарбағатай ауданы Ырғызбай ауылдық округінің Уан ауылы, Қызылкесік ауылдық округінің Шетбоғас ауылы, Кіндікті ауылдық округінің Шаң, Сарыбұлақ және Армандастар ауылдары;

Катонқарағай ауданы Ақсу ауылдық округінің Талды ауылы;

3) мынадай елді мекендер шекаралары өзгертіліп:

Күршім ауданының Майтерек шаруа қонысы Ақбұлақ ауылдық округінің Ақбұлақ ауылының құрамына, Қарағайлыбұлақ шаруа қонысы Төсқайың ауылдық округінің Урунхайка ауылының құрамына;

Тарбағатай ауданының Уан қонысы Ырғызбай ауылдық округінің Жантікей ауылының құрамына, Шетбоғас қонысы Қызылкесік ауылдық округінің Егіндібұлақ ауылының құрамына, Шаң, Сарыбұлақ және Армандастар қоныстары Кіндікті ауылдық округінің Кіндікті ауылының құрамына;

Катонқарағай ауданының Талды қонысы Ақсу ауылдық округінің Ақсу ауылының құрамына енгізілсін.

2. Осы шешім мен қаулы олардың алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

С е с с и я
Т ө р а ғ а с ы
О б л ы с
Облыстық
х а т ш ы с ы

Ж.
Б.

Жұмаханов
Сапарбаев

ә к і м і
мәслихат

Г. Пинчук